# Мұнайлы өлке

ҚазМұнайГаз CNPC

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ газеті • 2009 жылдың 1-мамырынан шыға бастады

№12 (134), желтоқсан, 2020 жыл





## Құрметті мұнайшылар! Қадірлі әріптестер!

Бірер күннен 2020 жылғы күнтізбенің соңғы парақтары аударылып, зор үміт пен үлкен сенім артып отырған 2021 жылға қадам басамыз. Ескі жыл есіркеп, жаңа жыл жарылқасын!

Әрине, өтіп бара жатқан жыл қайқайсымыз үшін де оңай болған жоқ. Әлемді әдеттегі қалпынан жаңылдырған COVID-19 пандемиясы күнделікті тұрмыс-тіршілігімізге біраз түзетулер жасады. Қызметкерлердің және олардың жанұя мүшелерінің амандығын қамтамасыз ету үшін қолданыстағы бірқатар жүйелік процестерді қайта қарап, жаңа талаптар мен ережелер қабылдауға тура келді.

Мәселен, әкімшілік персоналдың 70 пайызы қашықтықтан жұмыс жасау тәртібіне көшірілді. Оның ішінде көп балалы және зейнет жасына жақындаған азаматтарға басымдық бердік. Компания нысандарына келушілерге деген санитарлық талаптар күшейтіліп, вахталық әдіспен қызмет ететін мамандар ПТР тестінің қорытындысысыз жұмысқа жіберілмейтін болды. Еліміздің басқа қалаларынан қатынайтын әріптестерімізге де ыңғайлы жағдай тудырып, қауіптің алдын алу мақсатында айлық жалақысының 70 пайызын өтеу арқылы уақытша мәжбүрлі демалысқа жібердік. Ақпараттандыру жұмыстарын үдете түстік. Әрбір азаматқа індеттің қаупі туралы жіті түсінік беріп, қоғамдық-азаматтық жауапкершілікті де күшейттік. Осы тұста, "Жығылғанға жұдырық" демекші, әлемдік шикізат нарығы да құлдырап, мұнай бағасы күрт төмендеп кетті. Өндіріс өзін өзі ақтамауға айналды. Алайда, өлкенің ең ірі жұмыс берушісі ретінде артылған әлеуметтік жауапкершілік пен міндеттемелерді ескере отырып, қоғам тұрақтылығы мен отбасылар игілігі үшін жұмысты жалғастыра беру туралы шешім қабылданды. Нәтижесінде, Компания нысандарында қызметкерлер үшін қауіпсіз эпидемиологиялық жағдай тудыруға, ал ең бастысы Компания қатарындағы төрт мыңға жуық азамат пен олардың отбасыларына тұрақты табыс көзінен айырылып қалмауға мүмкіндік бердік.

Әрине, ескертусіз шабуыл жасаған тілсіз жау бастапқыда баршамызды да абдыратқаны рас. Бұрын соңды адамзатқа кездеспеген жаңа вирус түрі қалыптасқан емдік протоколдарға күш бермеді. Қиналды. Дегенмен, халқымызға тән бірлік пен жанашырлық қасиеттерінің арқасында бұл сынақтан да іргеміз сөгілмей өткендейміз. Осы тұста азаматтық жауапкершілік танытқан әріптестеріміздің ерен еңбегін атап өткенді жөн көрдік. Бірі ауруханалар жанында кислород баллондарын тасып, ерікті қызметте болса, енді бірі жылу жинап, оттегі концетраторларын жеткізуге жәрдемдесті.

Компания атынан да медицина мекемелеріне қомақты қолдау көрсетілді. Облыстық денсаулық сақтау басқармасына 20 дана өкпені жасанды желдету қондырғылары, үш дана жедел жәрдем көліктері сыйға тартылды. Облыстық ауруханаға Ресей Федерациясы Мәскеу қаласынан вирусолог мамандар бригадасын алдыруға арнайы ұшақ рейсін ұйымдастырдық. Жалпы, төтенше жағдай жарияланған 2020 жылғы наурыз айынан бері пандемиямен күресуге спонсорлық көмек ретінде 1,9 млрд. теңге жұмсалды. Осы жұмыстардың барлығы да, құрметті мұнайшылар, Сіздердің ерен еңбектеріңіздің арқасында ғана мүмкін болды!

Баршаңызды жаңа 2021 жылмен шын жүректен құттықтаймыз! Алға қойған мақсаттарыңызға қол жеткізіп, армандарыңыздың орындалуына тілектеспіз. Еңбектеріңізге жеміс, отбасыларыңа береке, дендеріңе саулық тілейміз. Қиындықтарды еңсеріп, жеңіске бірге жетейік!

**Құрметпен,**

**«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Басқармасы**

# МҰНАЙШЫЛАР ЫҚЫЛАСҚА РИЗА

**Еліміздің Тәуелсіздік күні мерекесіне орай, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Ел Тәуелсіздігінің нығаюына және аймақтың дамуына сүбелі үлес қосқан бірқатар азаматтар мемлекеттік марапатқа ие болды. Награданы салтанатты түрде облыс әкімі Серікбай Трұмов тапсырды.**





Мемлекеттің жоғары құрметіне ие болғандардың қатарында әріптесіміз, «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамына қарасты «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ №2 МГӨЦ-ның 5-дәрежелі электргазбен дәнекерлеушісі Қабидолла Балғаев ІІІ дәрежелі «Еңбек Даңқы» орденімен марапатталды.

ҚР «Ерен еңбегі үшін» төсбелгісі ӘӘМД-ның әлеуметтік мәселелер жөніндегі бөлім бастығы Сайын Ғалидуллинге табысталды. Бұл марапатқа Сайын Сүлейменұлын сайлауалды жұмыстарды ұйымдастырудағы іскерлігі үшін ҚР Орталық сайлау комиссиясы ұсынған.

* * *



Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар Федерациясы Төрағасының орынбасары, «Қазақстан мұнай-газ кешенінің салалық кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігі төрағасы Сұлтан Қалиев «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директоры Лю Цзиньчэн мырзаға және «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директорының бірінші орынбасары Қалбай Ізмұқанов мырзаға серіктестер жүйесін дамытуға қосқан маңызды үлесі үшін ҚР кәсіподақтар федерациясының «Үздік әлеуметтік әріптес» белгісін табыстады. Ал, әріптесіміз - "Жетібаймұнайгаз" ӨБ пайдалану жабдықтарын прокаттау-жөндеу цехының шебері Бисенғали Ходжаев "Мұнай-газ кешенін дамытуға қосқан үлесі үшін" медалін тақса, "Мұнай-газ саласының еңбек сіңірген қызметкері" төсбелгісіне «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ сұйықтықты дайындау және тасымалдау цехы бастығының орынбасары Бейбіт Өрісбаев ие болды.

Мерейді өсірген марапаттар қатарында «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы қызметкерлерінің жергілікті кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Тарғын Нұралыұлы Мысамбаевқа Қарақия ауданының экономикалық-әлеуметтік дамуына ұзақ жылдар қосқан ерекше үлесі үшін берілген «Қарақия ауданының Құрметті азаматы» төсбелгісі де бар.

Сондай-ақ, Тәуелсіздік күні қарсаңында 15 әріптесіміз Маңғыстау облысы әкімінің, «Самрұқ-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ның, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның Құрмет грамоталарымен және Алғыс хаттарымен, Естелік белгілерімен марапатталды.

**Марапаттарыңыз құтты болсын, мұнайшылар!**

# ҚҰРМЕТ ҚҰШАҒЫНДА

Желтоқсан айының 22-ші жұлдызында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ басшылығы саналы ғұмырын мұнай-газ саласына арнаған ардагер-мұнайшы, жоғарғы дәрежедегі мемлекеттік марапаттардың иегері Бөгенбай Қожықовты 80 жасқа толуымен құттықтады.



Бөгенбай Қожықов 1968-1985 жылдары Жетібаймұнайгаз ӨБ қатардағы жұмысшыдан бас геолог, Кәсіподақ комитетінің төрағасы болып еңбек еткен.

1986 жылы «Маңғышлақнефть» ӨБ ауысып, 2006 жылға дейін бөлім бастығы, кәсіподақ комитетінің төрағасы, бас директордың орынбасары қызметтерін атқарған.

2006-2007 жылдары «Бузачинефть» мекемесінде кеңесші болған.

«Ерен еңбегі үшін», «Еңбек ардагері», «Мұнай өнеркәсібінің үздігі», Елбасының «Алғыс» марапаттарының және бірқатар медальдар мен Құрмет грамоталарының, Алғыс хаттар мен естелік белгілердің иегері.

Мерейлі жасқа шыққан әріптес ағаларына сый-сияпат жасап, жылы лебіздерін білдірген бас директордың бірінші орынбасары Қалбай Ізмұқанов үлгі-өнегенің өзегі болып жүрген ардагерге зор денсаулық тілеп, иығына шапан жапты.

Шәкірттерінің ыстық ықыласына бөленген ақсақал өзінің туған күнін елеп-ескеріп, арнайы құттықтаған Компания басшылығына, мұнайшыларға алғысын білдіріп, қызметтеріне табыс тіледі, ақ батасын берді.

# МАРАПАТЫ МОЛ МЕРЕКЕ





Тәуелсіздік күні қарсаңында «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасы Алик Айдарбаев онлайн режимде Республиканың түпкір-түпкіріндегі мұнай-газ саласының өркендеуіне атсалысып жүрген бірқатар мұнайшыларды мерекемен құттықтап, марапаттады. Олардың қатарында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ ұжымының мұнайшылары да бар.

Салтанатты шарада Басқарма төрағасы Алик Айдарбаев компанияда дағдарысқа қарсы бағдарлама қабылданып, шығындар қысқартылғандығына тоқталды. Өндірістік персоналдың жұмыс орындары сақталып, әлеуметтік міндеттемелер орындалып, жұмысшылардың еңбек жағдайы жақсарғанын айтты:

- Құрметті әріптестер! Баршаңызды абыройы асқақ, беделі биік мемлекетіміздің мәртебелі мерекесі – Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл Қазақ еліне еркіндік пен бостандық сыйлаған айтулы күн! Ата-бабамыздың асыл арманын орындап, Тәуелсіздікті тұғырына қондырған бүгінгі ұрпақтың бақыты баянды болсын. Ел басына күн туғанда жұдырықтай жұмылып, өндірісті бір сәт тоқтатпаған қажырлы еңбегіңіз бен қайсар рухыңызға ризашылығымды білдіремін. Сіздер мұнай-газ кешені ел экономикасының берік тірегі екенін тағы да дәлелдеп бердіңіздер. Алдағы жылы да мұнай нарығында айтарлықтай өзгеріс бола қоймайды деп болжап отырмыз.

Жиын соңында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Басқарма басшылары ұжымды Тәуелсіздік күні мерекесімен құттықтап, мұнайгаз саласының дамуына елеулі үлес қосқан бірқатар азаматтарға Маңғыстау облысы әкімінің және Компанияның Құрмет грамотасы мен Алғыс хатын табыстады. Кәсіподақ атынан төсбелгі алған әріптестер де болды. Салалық кәсіподаққа сіңірген еңбегі үшін Кәсіподақ төрағасы Тарғын Мысамбаев марапат иелерін құттықтап, табыс тіледі. Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында марапатталған барлық азаматтар Компаниямыздың дамуына әлі де атсалыса беретіндіктерін жеткізді.

# ЖАҢА ҚОНЫС – ЖАЙЛЫ МЕКЕН




Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Асар кенорнында мұнайшыларға арналған жаңа жатақхананың ашылу салтанаты өтті. Мұнайшылар мекеніне айналатын жаңа тұрғын үйдің лентасы қиылып, жиылған жұртшылыққа қазақы дәстүрге сай шашу шашылды.

Салтанатты шарада «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директордың әлеуметтік-әкімшілік мәселелер жөніндегі орынбасары Жетібай Төлеғожаев мұнайшыларды Тәуелсіздік мерекесімен құттықтап, сөз сөйледі.

– Ең алдымен өз атымнан және Басқарма басшылығы атынан баршаңызды Тәуелсіздік мерекесімен құттықтаймын. Осынау ұлық мерекеде елімізге құт-береке келсін, әр отбасының бақыты молая берсін. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ басқарма басшылары қызметкерлердің әлеуметтік жағдайларын шешу мәселелеріне ерекше көңіл бөледі. Міне, бүгін Тәуелсіздік күні қарсаңында «Жетібаймұнайгаз» ӨБ Асар кенорнында 50 орындық жаңа жатақхананың ашылуы осының бір айғағы. Вахталық әдіспен жұмыс жасайтын Асар кенорнының мұнайшылары үшін мұндай жатақхана екінші үйі іспеттес. Жатақхана құрылысын салуға атсалысқан мердігер компанияларға, құрылысшыларға және қызметкерлерімізге алғыс айтамыз. Жылдан жылға мұнайшылардың әлеуметтік жағдайы жақсарып келеді. Барша қазақстандықтарды, маңғыстау жұртын, барша мұнайшыларды Тәуелсіздік мерекесімен құттықтаймын. Отбасыларыңызға амандық, дендеріңізге саулық, жұмыстарыңызға табыс тілеймін», - деді Ж.Төлеғожаев.

Бүгінгі заман талаптарына сай салынған қос қабатты жатақхана 50 адамға арналған. Мұнда әрбір секцияда жуынатын бөлме, дәретхана бар. Барлық бөлмелер жиһаздармен жабдықталып, ауа салқындатқыш жүйелермен қамтылған. Демалыс бөлмесінде спутниктік арналары қосылған теледидар орнатылған.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Басқарма басшылығы еңбек жағдайы мен жұмысшылардың тұрмысын жақсартуға баса назар аударады. Жаңа жатақхана – Асар кенорнының жұмысшылары үшін салынған үшінші баспана. Соңғы екі жылда Асар кенорында осындай екі жатақхана мұнайшылар игілігіне берілген болатын. Бұған қоса мұнайшылар мекенінде жаңа асхана кешені мен кітапхана, футбол алаңы мен жаттығу залы ашылған.

*Полезный опыт*

# БЕРЕЖЛИВОЕ ПРОИЗВОДСТВО

**В акционерном обществе «Мангистаумунайгаз» запущен пилотный проект по внедрению бережливого производства: Бережливое производство сегодня повсеместно признается как наиболее эффективный, надежный и малозатратный путь к выходу из кризиса и повышению конкурентоспособности. Его методы позволяют без капитальных затрат значительно повысить производительность, улучшить качество работ, оптимизировать издержки и время производственного цикла.**



*Тренинг на тему: «Бережливое производство»*

В октябре 2020 года группа линейных руководителей ПУ «Жетыбаймунайгаз» в рамках визита по обмену опытом внедрения бережливого производства, посетила производственные объекты АО «ОзенМунайГаз», где ознакомилась с практикой применения данной концепции.

Спустя месяц были определены три пилотных объекта для реализации проекта: складское помещение ЦДНГ №1, ГУ-25 ЦДНГ №1 и ГУ-22 ЦДНГ №2, на базе ПУ «Жетыбаймунайгаз». Линейные руководители и сотрудники данных цехов в рамках программы обучения работников ДЗО АО «НК «КазМунайГаз» экспертами КМГ Инжиниринг в декабре 2020 года прошли тренинг на тему «Бережливое производство».



*Обмен опытом в АО «ОзенМунайГаз»*

В рамках реализации первого этапа построения бережливого производства планируется использовать систему 5С, которая направлена на создание оптимальных условий для выполнения операций: на поддержание порядка, чистоты, аккуратности, экономии времени, энергии. Система включает в себя пять последовательных этапов, которые начинаются с буквы «С».

Пять простых правил системы «5С» указывают на то, что необходимо делать работникам на рабочем месте!

1 этап: Сортировка – освобождение рабочего места от всего, что не требуется для выполнения текущих производственных или офисных процессов;

2 этап: Систематизация – расположение предметов таким образом, чтобы их было легко использовать, находить и возвращать на место, т.е. сократить потери на перемещение предметов и работников. Это позволяет уменьшить время протекания процесса и повысить его эффективность;

3 этап: Содержание в чистоте – поддержание рабочих зон всеми работниками участка в идеальном порядке и чистоте. Необходимо сразу определять и устранять источники загрязнений;

4 этап: Стандартизация – разработка инструкций, методик, стандартов, для фиксации и поддержания результатов реализации первых трех этапов системы. Предусматривает наличие наглядной информации (схемы, рисунки, указатели и т.п.) на рабочем месте;

5 этап: Совершенствование – выработка привычки ухода за рабочим местом в соответствии с процедурами, установленными по четырем вышеперечисленным этапам системы. Правила должны неуклонно выполняться и совершенствоваться. Так развивается инициативность работников, стремление к улучшениям. Новые идеи, направленные на совершенствование процесса, приводят к пересмотру всего того, что сделано на первых четырех этапах.

Данная концепция является одним из ключевых механизмов реализации утвержденной кадровой политики Общества и будет продолжаться в 2021-2022 годах.

При успешной реализации концепции бережливого производства, планируется масштабирование проекта во всех производственных объектах.

- Ставим перед собой задачи не только увеличить объемы производства, улучшать процессы, но и развивать потенциал коллектива Общества, его культуру, укреплять межличностные отношения работников – отмечает заместитель Генерального директора АО «Мангистаумунайгаз» по управлению человеческими ресурсами Ерболат Сарсенов, – Необходимо поднимать качество наших знаний, умений, навыков, применять на практике инструменты бережливого производства и адаптировать их под свою деятельность.



*До*



*После*

# УЧЕБНЫЙ ПОЛИГОН



Одним из главных направлений в развитии компании, является создание безопасных и благоприятных условий труда на каждом рабочем месте. Для этого в 2020 году собственными силами Общества начаты работы по строительству учебно-тренировочных полигонов, которые будут располагаться на месторождениях Каламкас и Жетыбай.

Учебные полигоны будут оснащены необходимым оборудованием таким как станок-качалка, печи подогрева, насосы, буферные емкости, спутник, сепаратор, полностью имитирующим текущую деятельность производства, максимально приближенную к реальным условиям.

Обучение на полигоне позволит решить множество таких задач как проведение практических обучений по рабочим профессиям, оценки практических навыков персонала, а так же проведение практической части конкурса «Үздік маман».

- Пользуясь случаем хочу от всей души поблагодарить коллег из Каламкаса и Жетыбая за проявленную инициативу и большую помощь при реализации проектов «Строительство учебных полигонов» и «Организация труда / Бережливое производство», - подчеркивает Ерболат Сарсенов. – Мы вместе сообща выполняем одну большую работу, и я уверен, что она принесет результат.

# ОБУЧЕНИЕ ПЕРСОНАЛА – ЗАЛОГ УСПЕХА



*Призеры программы «Инженер по разработке»*

Не менее важным фактором, влияющим на успех компании является эффективная реализация программ по развитию и обучению кадров. Особенно важен данный вопрос во время пандемии, когда традиционные формы обучения теряют свою актуальность. Тем не менее, несмотря на пандемию АО «Мангистаумунайгаз» не приостанавливая работы по обучению персонала, полностью перевел обучающие программы в онлайн-формат.

Так, например, в целях повышения компетенции специалистов по разработке месторождений, геофизиков и для усовершенствования знаний в области разведки, геологии нефтяных и газовых месторождений совместно с ТОО «КМГ Инжиниринг» и ТОО «Институт инжиниринга и информационных технологий КБТУ» были сформированы и реализованы модульные программы обучения по производственным программам «Инженер по разработке», «Главный геолог», «Геофизика» и «Petroleum Professional».

В декабре успешно завершена 6-ти модульная программа «Инженер по разработке», разработанная ТОО «КМГ Инжиниринг» под потребности ДЗО КМГ, где от АО «Мангистаумунайгаз» приняли участие пять работников: Досымбек Дәуіржан, Темірхан Төлесін, Азамат Хаятуллаев, Айболат Картабаев и Куаныш Айдарбаев.

В программе также приняли участие такие компании как АО «ОзенМунайГаз», АО «Каражанбасмунай», ТОО «КМГ Инжиниринг» и его филиалы. По результатам защиты проектов перед экспертной комиссией, наши коллеги заняли почетное 2 место среди пяти команд. Безусловно такой результат радует и дает повод для гордости.

Кроме того, в 2020 году был успешно реализован проект по подготовке инженеров по бурению и КРС из числа работников ПУ «КМГ» и ПУ «ЖМГ» в количестве 12 человек.

На начальном этапе был рассмотрен и утвержден список из 12 работников Общества, организовано комплексное обучение, состоящее из 5 модулей, в том числе по международным стандартам IWCF 2-го и 3-го уровней в городах Актау, Алматы, Атырау.

По окончанию обучения, в целях адаптации, передачи знаний, опыта и профессиональных навыков была реализована программа наставничества, в ходе которой девять опытных инженеров (БКРС) отделов бурения и капитального ремонта скважин ПУ «КМГ» и ПУ «ЖМГ» в течение 3-х месяцев сопровождали 12 новоиспеченных специалистов в новом для них деле. Для каждого стажирующегося был сформирован индивидуальный план развития, по которому проводились теоретические и практические обучения на рабочих местах от наставников.

По итогам наставничества, была успешно проведена оценка стажирующихся, созданы рабочие места и осуществлен перевод 12 работников на должность инженера по бурению и КРС, а также произведена надбавка наставникам за проделанную ими работу по воспитанию и становлению новых специалистов.

- В заключение хочется отметить, что сегодня работники нашей компании продолжают трудовые традиции своих предшественников, проявляя при этом высокий профессионализм и ответственность. Нефтяники активно реализуют обучающие и развивающие программы, направленные на повышение эффективности и безопасности процессов нефтедобычи. Мощный производственный потенциал, высококвалифицированные кадры и стремление не останавливаться на достигнутом – это и есть слагаемые нашей дальнейшей успешной работы, - подчеркнула заместитель директора ДУЧР Лаура Інірбаева.

# Жаңа жыл – жарқын күндер бастауы!

***2020 жыл да аяқталуға жақын. «Айдан аман, жылдан есен шығайық» дейтін сөзді үлкендер неге жиі айтатынын санамызда қайта жаңғыртқан Тышқан жылы адамзатқа оңай соқпады. Десек те, біздің тілшілер тарих қойнауына сіңіп бара жатқан жылдың әріптестер өміріндегі өзекті өрімдеріне шолу жасаған еді.***



**Дорогие коллеги!** Немало сложностей пришлось нам пережить в уходящем году. 2020 год напомнил миру о главных ценностях жизни, о которых в суматохе дней мы и не задумывались ранее. Произошедшие перемены крепко сплотили нас в единое целое. Мы понимаем, что лишь вместе и при поддержке родных, друзей и коллектива – в единстве нам удастся преодолеть все трудности. Благодарим Вас за поддержку и понимание!

Коллектив Департамента управления человеческими ресурсами поздравляет всех работников АО «Мангистаумунайгаз» с наступающим Новым годом! Желаем в 2021 году достичь поставленных целей, процветания компании, здоровья, любви, счастья Вам и Вашим близким! Мы вместе! Біз біргеміз!

**Коллектив ДУЧР**



**Жалғас Сабыртаев**
***зейнеткер***

Жылыстаған жылдармен жылжып, әріптестермен қош айтысқан жыл болды 2020. Ия, мен «Комсомольск» мұнайгаз өндіру басқармасына жұмысқа тұрғанымда 33 жаста екенмін. Міне содан бері 30 жылдың үстінде уақыт өтіпті. Еңбек жолымды 3-разрядты слесарь-жөндеуші болып бастағанмын. Екі жылдан соң ағамастерлікке тағайындады. Аяғыма тұрып, жұмысымды игеріп кеткенімше сол кездегі басшылар Темір Назаралиев, В.В. Волков, Мерген Жанбатыров ағаларымыз көмектескен болатын. Цех бастығының (ПРЦЭО) орынбасары, әлеуметтік топ жетекшісі болып қызметтер атқардым. Енді міне құрметті еңбек демалысына шығатын уақыт та келіп жетті.

Берілген мүмкіндікті пайдалана отырып, Компания басшылығына, ұжымға алғысымды білдіремін. Осы жыл халқымызға өте ауыр тиді. Дегенмен еліміз етек-жеңін тез жинап, уақында жасалған әрекеттердің арқасында өмір бір қалыпқа түсіп келеді деп ойлаймын. Мұнайшылар барлық медициналық талаптарды сақтай отырып ел игілігіне еңбек етуде. Әрине мұнайшы азамат өз басының және отбасының игілігіне қызмет ететіні түсінікті, бірақ Отан отбасынан басталмай ма? Қазақ елінің ауызы дуалы ақсақалы Мәшһүр Жүсіп атамыз 2021 жыл қазақ қоғамы үшін сәтті жыл болады деп өсиет айтып кеткен екен, ендеше ылайым солай болсын! Басымыз аман, еліміз тыныш болсын! Әлі талай сағынысып көрісуді жазсын!



**Евгения Глушко**
***Ведущий бухгалтер группы учета налоговых и других обязательных платежей в бюджет ФД***

Уважаемые коллеги и друзья!

В 2020 году всем нам довелось испытать немало волнений и страхов.

И вот, казалось бы, на фоне пережитого, что позитивного можно написать о годе, уходящим под знаком «коронавирус»? Как известно, чрезвычайные обстоятельства влияют на каждого человека по-разному.

Однако, именно в этот период, в очередной раз мне представился шанс, убедиться, сколько замечательных людей меня окружают. И речь сейчас пойдет о моих коллегах.

Потеряв в период пандемии родного человека, эти люди оставались сильными и, несмотря на личную трагедию, им хватало стойкости, душевной щедрости и сил поддерживать остальных, растерявшихся и напуганных, делиться лекарствами, а также опытом борьбы с болезнью. Спасибо!

Увидела, как тяжело пришлось тем, кто остался работать в офисе даже в самый ужасный разгар пандемии, так как по объективным причинам они не имели возможности уйти на дистанционную работу. Тем не менее, и тогда и сейчас им удается сохранять бодрость духа и хорошее настроение. Спасибо!

Верю, что наперекор всему, что с нами произошло в 2020 году мы все-таки стали немного добрее и внимательнее к тем, кто нас окружает и к себе тоже! Увидели, каким сильным, щедрым и отзывчивым может быть наш близкий человек, наш друг, наш коллега, наш сосед и просто незнакомый человек! С наступающим Новым годом!



**Мақсат Серікбаев**
***«Қаламқасмұнайгаз» ӨБ өндірістік технологиялық бөлімнің 1-ші санатты инженері***

Құрметті әріптестер, баршаңызды жаңа жылдарыңызбен шын жүректен құттықтаймын! Әр жылға қадам басар алдында адамзат артына қарайлап, болашағына бағдар жасайды деседі. Әке жолын қуып, мұнайға келгендердің бірі мен едім. Орта мектепті бітірген соң 2004 жылы «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ жанынан Каспий Қоғамдық Университетіне оқуға түстім. Оқудың барлық шығынын Компания көтеріп, төрт жыл бойы шәкіртақы төлеп келді. 2008 жылы мұнай-газ ісі мамандығы бойынша диплом алып, сол жылы Қаламқас кенорынында оператор болып еңбек жолымды бастадым. Алдымен ата-анамның және әріптес ағаларымның үйреткендері арқасында бүгінге дейін түрлі салада қызметтер атқардым. Аллаға шүкір, осы жыл да мен үшін жаңалықсыз болмады. Қаламқас кенорыны өндірістік технологиялық бөлімге 1-ші дәрежелі инженер қызметіне ауысып, жұмыс жасап келемін.

Бәрімізге белгілі 2020 жыл індет басталғалы еліміз үшін қиын жыл болды. Ендігі жерде мұндай індеттің болмауын және де алда келе жатқан жаңа жылда әріптестеріме, барша қазақ еліне игілік пен бақыт, бақ-дәулет, ырыс және Қазақстанның тұрақты дамуы мен кемелденуі жолында еңбектерінің табысты, барлық бастамаларының сәтті болуын тілеймін!



**Бәтима Дүйсембаева**
***«Жетібаймұнайгаз» ӨБ №1 МГӨЦ-ның 4-дәрежелі операторы***

Өзім өзгеше қуанышпен күтетін үш мереке бар, бірі - Жаңа жыл, екіншісі - Қадыр түні, үшіншісі - Көрісу мерекесі.

Жылдар өте тәтті естелік болып қалғандай... Бала кезімізден Жаңа жылды бүкіл отбасымызбен төрт көзіміз түгел қарсы алуды дәстүрге айналдырдық ғой. Күні бойы үй жинаймыз, түрлі тамақ пісіреміз. Соның бәрі ерекше көңіл-күйімен қарбалас өтіп жататын. Сағат тілі түнгі он екіні соққанға дейін дастарханға жайғасып Елбасының құттықтауын күтіп, балалар мәре-сәре болатынбыз... Бірнеше жылдан соң сары сағынышпен еске алып отыратынымызды ол кезде білдік пе?

Сол үрдіс әлі бар, шыны керек. Балалар қызықтап, орта толып күтеді. Биылғы ерекшелік сол - Жаңа жылды кең үйде, жаңадан алған үлкен пәтерімізде қарсы аламыз деп отырмыз. Жыл жақсылығымен келсін! Екінші үйімдей болып кеткен жұмыс орным өзіме ыстық. 17 жасымда келгеннен осы ортада қылыптасып, өндіріспен біте қанасып жүрмін. Әріптестеріме айтар тілегім әулеттеріңіз әрдайым қуанышқа бөлене берсін! 2021 жыл елімізді әлемнің төріне шығаратын құтты жыл болсын!



**Сенбіғали Матаев**
***«Жетібаймұнайгаз» ӨБ №2 МГӨЦ бастығының орынбасары***

Құрметті әріптестерімді келе жатқан Жаңа жыл мерекесімен құттықтаймын! 2020 жыл әлемді әбігерге салған жұқпалы ауруымен әр адамның санасында қалғаны рас. Алапат індет арамыздан талай асылдарымызды жұлып әкетті. Қара жамылып қалған барша қазағымның қайғысына ортақпын. Баршаңызға денсаулық, шыдамдылық және бұл індеттің тезірек бітуін нәсіп етсін деп тілеймін. Әр жылдың өмірімізде қалдырар өзіндік қолтаңбасы болады ғой. Тышқан жылының біздің отбасына ала келген жақсылығы да болды, келін аңсатқан ұлым шаңырақ көтеріп бір марқайтты. Қызметім де ойдағыдай, Жетібай басында жақында жаңа жатақхана қолданысқа беріліп, жолдар салынып өркендеп жатыр. Жұмысшылардың көңілі тоқ жүрсе, қызмет те қайнай түседі. Тек, тезірек «осы кесапаттың беті ары қайтса екен» - деген тілегім бар. Халқымызға құт-береке әкелер жыл болғай. Биылғы қиындықтар ескі жылда қалсын, іргеміз бүтін, бірлігіміз берік, халқымыз тыныш, отбасымыз аман болып Жаңа жылды қуанышпен қарсы ала берейік!



**Төлеген Мағзамов**
***«Қаламқасмұнайгаз» ӨБ №1 МГӨЦ аға механигі***

Артта қалып бара жатырған он екі айға көз салар болсам, бұл жыл жеке өмірімде де, ұжымда да жағымды жаңалығы мол жыл болды. Қалмқастағы еңбек жолымда шебер, геолог, технолог, аға-механик қызметтерінде болдым. 2014 жылдан бастап №1 МГӨЦ басшылары мен жұмысшыларының қолдауымен осы кәсіпшіліктің ұйым төрағасы ретінде сайланып, осы кезге дейін жұмысшылардың әлеуметтік жағдайларына көмектесуге және осы кәсіпшілікке қатысты іс-шараларды ұйымдастырумен айналысып келемін. «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ қарқынды даму үстінде. Соның арқасында жұмысшылардың да еңбек етуі жеңілдеп қауіпсіз жұмыс жасауына барлық жағдай жасалған. №1 Мұнай газ өндіру кәсіпшілігіне келгелі бері осы кәсіпшілікті басқарып келген Н.М.Сарсенбай, Т.Таужаннемересі, Ә.Байназаров, Ә.Епенов ағаларымыздың арқасында мұнай өндіру көрсеткіштері жоспарлы межеден артық орындалып, үнемі алда келе жатыр. Сондай-ақ мен үшін бұл жылғы ең маңызды жаңалық - ұлды болдым. Шүкір, үш ұлдың әкесімін. Алдағы уақытта, әлі де жағымды жаңалықтар көп болатынына сенемін.

Жаңа жыл - бақыттың бастауы, ынтымақ пен берекенің ошағы, елімізге құт дарыған жыл болсын!



**Дмитрий Асмолов**
***Руководитель группы тех. сервиса отдела компьютерных сетей и коммуникаций ДАИТиС***

Дорогие коллеги !

Поздравляю Вас с наступающим Новым 2021 годом!

В уходящем году мы все столкнулись с неожиданными трудностями, связавшими воедино весь мир.

С пандемией в мире творился хаос, паника, потери. Мы научились ценить такие понятия, как здоровье, семья, простые человеческие отношения и общение. Не обошлось и без потерь близких нам людей. Но в этой ситуации мы все проявили лояльность, понимание, дисциплинированность и сплоченность. Хочу сказать спасибо всем за вашу поддержку и помощь.

Хочу сказать большое и искреннее «спасибо» моим дорогим и замечательным коллегам по Департаменту автоматизации, информационных технологий и связи. Коллеги, дорогие мои, спасибо вам огромное за наш сплоченный, дружный коллектив. Спасибо вам за то, что даже в самых сложных, стрессовых ситуациях вы сохраняете свой оптимизм. С вами комфортно и легко работать, что довольно важно и необходимо для результативного труда. Знаете, каждый из вас особенная, удивительная личность, которая вносит свой вклад в наше общее дело. Благодаря нашим способностям мы создали уникальный коллектив, который не только трудолюбивый, но и очень веселый! Благодарю вас, мои прекрасные, за то, что наши будничные дни не являются обыденной, угнетающей рутиной, а отличаются яркостью и оригинальностью. Желаю всем вам дальнейших успехов, больших побед и великих планов.

Так, в Новом году желаю всем крепкого здоровья, поменьше грустных дней. Пусть Вас всегда окружают счастье, любовь и забота, а печали и проблемы обходят стороной. Легких вам трудовых будней и жарких приятных отпусков! Пусть все неудачи и невзгоды останутся за порогом старого года, а в новом – будут только взлеты и достижения.

Ну что, коллеги, с Новым годом!
Пусть будет он для вас таким,
Чтоб все сказали: «Слава Богу!
Другого года не хотим.»

Желаю счастья и подарков,
И от судьбы житейских благ.
Удачи вам, коллеги, яркой,
И целый год пусть будет так.

Нас ждет короткий зимний отдых,
Желаю насладиться им,
Друзья, коллеги, с Новым годом!
Пусть будет все, как мы хотим!



**Нұртай Өмірбаев**
***«Жетібаймұнайгаз» ӨБ ПЖПЖЦ-ның 5-дәрежелі слесарь-жөндеушісі***

Адам баласы жаңа Жылдан көп жақсылық күтеді, жаңа Жылға көп үміт артады. Келер жылымыз адамзат үшін жайлы жыл болсын! Елге келген ауруға тойтарыс беретін білімді азаматтарымыз бен сауатты дәрігерлеріміздің қатары көбейсін деймін. Осы жыл бізге адамзат құндылығын түсіндірді. Ендігі жыл ешкімді жалтақтатпайтын, емен-жарқын араласып, қауышатын жыл болсын! Еліміздің қара алтыны сарқылмасын! Өзім Жетібай мұнайын ашқан Қоянбай Ұзақбаев деген мұнайшының ұлымын, бауырларым да мұнайшы. Келесі жыл Жетібайлық мұнайшылар үшін елеулі мереке – Жетібай мұнайының ашылғанына 60 жыл толады! Әріптестерге толағай табыс тілеймін. Жаратқан Жаңа жылда аман-есен қауышуға жазсын!



**Асылжан Хасанов**
***«Қаламқасмұнайгаз» ӨБ №4 МГӨЦ операторы***

Құрметті ұжымдастар! Жаңа жыл қарсаңындағы жүрекжарды лебізімді қабыл алыңыздар! Әр шаңырақта тек жақсылық болсын! Осы жыл отбасымыз үшін қос құлыншағымыз дүниеге келген жыл болды. Мұхамбет пен Махамбетіміздей егіздерді әр шаңыраққа тіледім. 2009 жылы Қауіпсіздік қызметінде күзетші, «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ слесарь-жөндеуші, оператор болған еңбек жолыма тағы бір дәреже қосып алдым, қазір 4-санатты оператормын. Ол да болса қол жеткен жетістігім. Шүкір етемін! Төрімізге енгелі тұрған 2021 жылдан күтер жаңалығымыз көп. Өткен жылға риза болып, келер жылға нық қадаммен аттайық!

# Құрметті мұнайшылар, әріптестер!



Алда келе жатқан Жаңа жыл мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын!

Өткен жылы біздің «Oil Services Company» серіктестігі өздеріңіздің қарқынды еңбектеріңіздің арқасында міндеттелген тапсырыс берушілердің, соның ішінде «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ тарапынан берілген жұмыстарды сапалы, межелі уақытында орындап, жоғары көрсеткіштерге қол жеткізді. Келер жылы да жұмысымыз өрге басып, алға қойылған міндеттерді абыроймен алып шығамыз деген үміттемін.

Өтіп бара жатқан жыл жетістіктер мен жеңістерге толы жыл болды. Бұл біздің сөзіміз бен ісіміздің бір арнада тоғысқаны, ең бастысы бейбітшілік пен татулықтын арқасы деп білемін. Келер жыл берекелі бірлігімізді, үйлесімді тұрақтылығымызды, жарасымды татулығымызды асқақтатарына сенемін.

Еңбек ұжымы Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдаған «Сындарлы қоғамдық диалог Қазақстанның тұрақтылығы мен гүлденуінің негізі» алғашқы жолдауын бір ауыздан қабыл алып, жолдаудың болашақ қазақ елінің дамуы мен қазіргі уақытша қиындықтардан шығар жол екенін жақсы біледі. Осы уақытша қиындықты артқа тастап, қарқынды еңбектің, мұнайшылардың күндіз – түні тапжылмай еңбек етуінің арқасында «Oil Services Company» ЖШС-нің алар биіктері, асар асулары көп боларына сенемін.

«Отан қуат, отбасы шуақ» дейді қазақ халқы. Бәріміз Қазақстанның өркендеуіне зор үлесімізді қосып, шуағын шашқан бір отбасындай, «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып», бейбіт елдің көк байрағының биікке самғауына тілеулес болайық.

Келер жыл әрбір отбасына бақыт, табыс, бірлік, қуаныш әкелсін. Еліміз аман, іргеміз бүтін, жұртымыз тыныш болсын!

Жаңа 2021 жыл құтты болсын!

Шын жүректен тілектес:

**Б.О. Боранбаев,**
**«Oil Services Company» ЖШС**
**Бас директоры**

# Жаңа 2021 жыл – жақсылықтың жаршысы болсын!



Әлемде белең алған пандемияның жаһандық сондай-ақ еліміздің экономикасына теріс әсерін тигізгені белгілі. Экономика саласынан басқа денсаулық сақтау, әлеуметтік саясат, өндірістік салаға және басқа да салаларға ауыр соққы болды. Жаппай құлдырауды тудырған бұл коронавируспен бірге мұнай бағасының құлдырауы да қызмет көрсету саласы айтарлықтай төмендеуіне себеп болды. Әрине, бұндай қиындықтар бізді өмірдің жаңаша талаптарына бейімделуге, сабырлық пен сақтық арқылы төтеп беруге үйретті.

Осындай қиын сынақтарға қарамастан «Ойл Транспорт Корпорейшэн» ЖШС-міз тоқтаусыз жұмыс атқарып келуде. 2020 жылы жолаушылар ағыны төмендегеніне қарамастан, мекемеміз эпидемиялогиялық талаптарға сай тапсырыс беруші мекемелердің сұраныстарын толықтай атқарып, жолаушыларға қызмет көрсетуін тоқтатпады. Осындай қиын кезеңде, пандемияға қарамастан бірігіп жұмыс атқарған қызметкерлердің еңбектерін бағалаймыз.

Еліміздің басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты халыққа Жолдауында қазіргі күрделі жағдайда алдымызда тұрған басты міндет – әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты, жұмыс орындарын және халықтың табысын сақтап қалу" деп атап өткендей, біздің алдымызда да дәл осындай мақсат тұр. Болашағымызға бағдар болатын мақсаттырымыз нық болса экономикалық мәселелерді де, пандемияны да толық жеңетінімізге сенімдімін.

Жыл соңын қорытындылай келе мекемеміздің барлық қызметкерлеріне 2020 жылы атқарған белсенділік пен адал еңбектері үшін алғыс айтамын. Біз барлық табысқа бір жұдырық боп жұмыла жұмыс істегеніміздің, жауапкершілігіміз бен мақсатқа жету жолындағы табандылығымыздың арқасында қол жеткіздік деп білемін. Алдағы 2021 жыл осы ұстанымымызды одан әрі нығайтып, жаңа жеңістер мен жаңа мүмкіндіктерге жол ашсын. Толассыз еңбектеріңіз әрдайым жемісті болғай!

Жаңа жыл келешекке батыл қадаммен бастау алып, жаңа үміт және бағытпен, жақсылық пен армандарға ұлассын. Баға жетпейтін жалғыз ғана асыл дүние – денсаулығымыз әрқашанда мықты болсын. Дендеріміз ауру-сырқаудан аман, қайратты да жігерлі болып, жаңа жылды көтеріңкі көңіл күймен бастайық. Әрбір шаңырақта қуаныш, күлкі орнап, іші жылулыққа толы болсын!

Ізгі ниетпен,

**С.Ж.Кеулимжаев,**
**«Ойл Транспорт Корпорейшэн» ЖШС**
**Бас директоры**



# Ширек ғасыр – ел игілігіне

Тәуелсіз еліміздің энергетикалық қуатын арттыру саласында ерен жетістіктерімен ерекшеленген, өңіріміздің мұнай – газ кәсіпорындарының көшбасшысы болып саналатын «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның өндірістік міндеттемелерін зор жауапкершілікпен орындайтын мердігерлік компаниялардың алдыңғы сапында «Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС тұрғандығын мақтанышпен айта аламыз.

Өткен тарихқа көз жүгіртсек, ұжымның құрылу тарихы 1995 жылы мұнайшылар қауымының тұғырлы діңгегі атанған «Қаламқасмұнайгаз» мұнай – газ өндіру Басқармасынан алады. «Төртеу түгел болса төбедегі келеді» дегендей, ауызбіршілік, татулық, келісім, ынтымақты ту еткен Энергетиктер ұжымының құрылғанына биыл ширек ғасыр – мерейлі 25 жыл!

Осындай мерзімді уақыт боранды қыста, жаңбырлы күзде, шыжыған жазда қазыналы Қаламқас, Жетібай өндірістік кенорындарының электр қондырғыларын күндіз-түні кідіріссіз электр энергиясымен қамтамасыз ететін «Маңғыстауэнергомұнай» (МЭМ) Серіктестігінің тарихы үшін бұл қас қағым сәт секілді. Алайда осы уақыт ұжым жұмысшыларының атқарған қызметтерін қорытындылайтын, келешектегі бастамаларын жоспарлайтын белесі. Кенорындардағы әуе берілісті электр жүйелері мен қосалқы электр станцияларының жұмыс сенімділігін арттыруға арналған Серіктестіктің өндірістік іс-шаралары жыл сайын заманауи қызмет талаптарына сай жоспарланып, ең бастысы еңбек адамы факторына шығын келтірілмей, сапалы да, табысты орындалып келеді.

Еліміздің тәуелсіздігі мен мемлекетіміздің бейбіт саясатының арқасында «МЭМ» ЖШС өзінің жыл сайынғы экономикалық – өндірістік стратегиялық жоспарын нақты міндеттемелерді орындау жолында жауапкершілікпен жоспарлап, энергетика саласының қарқынды модернизациялау және қайта жабдықтау сатыларын басшылыққа алып отырады. Қазіргі жаһандық қаржы тапшылығы кезеңінің қиыншылылықтары ұжым бюджетіне зор әсер еткенмен, Серіктестіктің мердігерлік компаниялар алдындағы өндірістік міндеттемелерін келісілген уақытында орындап келеді. Әрине жұмысты ұйымдастырудың жаңа сатыларын тиімді қолдана білетін «Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС өз қызметін Халықаралық 3 (үш) түрлі стандарт (ICO) талаптарына сай ұйымдастырған Сертификаттардың иегері. Әрине бұл иеленген дәрежелі қызметтік атақ бүкіл ұжым мүшелерін өз қызметтерін адал атқаруда, инженер-техникалық қызметкерлердің біліктіліктерін шыңдауда зор міндеттерді жүктеп отыр.

Қазіргі жаһандық коронавирус індеті ұжымның басшысынан бастап әр жұмыскерден аса тазалық пен сақтықты, өзіне және өзгеге деген зор жауапкершілікті талап ететін кезең. Барлық қызмет барысында, өндірістік кенорындарда, ғимараттарда қауіпсіздік шаралары күшейтіліп, жұмыскерлерге қажетті антисептік жабдықтары мен жеке қорғану құралдары жетерліктей көлемде қамтамасыз етілуде. Ауысым жұмысшылары үшін вахта алдындағы тексерістен өту міндетті дағдыға айналды, ең бастысы – адам – жұмыскерлердің амандығын сақтау мекемеміздің негізгі талабы болып табылады.

Әлемдік мұнай бағасының құлдырауына қарамастан «Тәуелсіз елдің қуаты – мұнайы мен газында» дегендей, ОПЕК+ келісімі бойынша мұнай өндіруді қысқарту аясында тапсырыс беруші «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ тарапынан өндірістік жұмыс көлемдерінің қысқартылуына қарамастан, Серіктестік өндірістік шығындарды мейлінше ықшамдап, ұжым штатын және мердігерлікпен ынтымақтастықта жұмыс жасап келе жатқан компания жұмысшыларын қысқартпай тиімді шешімдер қабылдап келеді. Осы жылдың кейбір атқарылған істерін жарияласақ, «Қаламқас» Өндірістік – энергетикалық қызметінің №6 және №7 учаске ғимараттарының, «Жетібай» кенорындағы Релелік қорғау, автоматтандыру қызметі ғимаратының өз ұжым жұмыскерлері күшімен толық күрделі жөндеуден өтуі, Жетібай кенорындағы 60 орындық жатақхананың заманауи толық күрделі жөндеуден өту шарасының аяқталуы, сондай – ақ «Ақтау» өндірістік базасында жиіліктерді реттеуші жаңа шеберхананың іске қосылуы жатады. Әрбір атқарылған қызметтерде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасы төрағасы А.Айдарбаевтың «2020 жыл – 0 травматизм» қағидасын берік ұстанған «МЭМ» ЖШС ұжымы мүшелері осы 2020 жылды ешбір травмасыз аяқтап келеді. Әрине бүкіл жыл ішіндегі атқарылған жұмыстардың нақты бағасын беретін бұл қорытынды - Серіктестіктің барлық жұмыскерлерінің осындай қысылтаяң кезеңдегі ерен еңбектерінің, зор жауапкершіліктерінің арқасы деп түсінемін.

Серіктестік басшылығы барлық қаржы шығындарын оптимизацияландырғанмен, ұжымның барлық жұмыскерлеріне көрсетілетін «МЭМ» Ұжымдық шартында қарастырылған әлеуметтік - материалды көмек түрлері жыл ішінде төленіп, өндірістік кенорындардағы жұмысшылардың тамақтануы мен жатақханалардағы тұрмыстық жағдайларын жасау бағытында кәсіподақ ұйымымен бірлесіп, «Ақылдасып пішкен тон келте болмас» дегендей, басты назардағы жұмысшылардың бар жағдайын жасау міндеті уақытымен атқарылып келеді.

«МЭМ» ЖШС-нің осы жылы 25 жыл толып отыр. Уақыттың қиын – қыстау кезеңдерін шебер ұйымдастырып, кішкене мекемеден Республикамызға танымал Қазақстан энергетиктері ассоциациясы мүшелігі дәрежесіне дейін жеткен Серіктестік жетістіктерін атап шығу мүмкін емес. Осы мерейлі салтанатта ұжымның іргетасын қалаған және бойындағы күш–қуатын қызметтің сапалы атқарылуына жұмсаған ардагерлерді бағалау және оларды құрметтеу – басты адами қасиеттеріміздің бірі.

Барша өңір жұртшылығын, облыстағы энергетиктер қауымын және Өзім басқарып отырған «МЭМ» ЖШС барлық ұжым мүшелерін желтоқсан айында атап өтетін дәстүрлі Энергетиктер қауымының мейрамы, сондай – ақ келе жатқан жаңа 2021 жылмен шын пейілмен құттықтаймын.

Мекемеміздің құрылғаннан бастап, қазіргі кезеңдегі аймақтың басты электр өндіруші және мұнайлы өндірісті үздіксіз электрмен жабдықтайтын сенімді компания қатарына дейін көтерілген атақ - абыройда ұжым ардагерлерінің сүбелі еңбектеріне бас иіп, құрметтеймін және білімпаздықтарын заман талаптарына сай шебер қолданатын барша ұжым жұмыскерлеріне қажырлы еңбектері үшін алғыс айтамын.

Баршаңыздың дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге толағай табыс тілеймін. Жаңа 2021 жыл өңір жұртшылығына жаңа жақсылықтар, игі бастамалар әкелсін! «Елі еріне, ері еліне» дегендей, тәуелсіз еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

**Н.Р. Қосбаев,**
**«Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС**
**Бас директоры**

# Құрметті әріптестер!



Баршаңызды келе жатқан Жаңа жыл мерекесімен құттықтаймын!

Осы жылы әлем жұртшылығымен бірге жер бетін жайлаған пандемияға қарсы күрес жағдайына бейімделе отырып, жұмыс істеуге тура келді. Ұжым мүшелерін қауіпті індеттен қорғау үшін бар күшімізді салдық, сонымен қатар облыс шегінде қайырымдылық акцияларын ұйымдастырып, алғы шепте жүрген дәрігерлерге де қолдау көрсетіп, жәрдемдестік. Қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып, жұқпаның алдын алу шараларын енгізіп, қолда бар ақпараттық технологияны қолдана отырып, өндірістік жоспарды орындау кестесіне, жұмыс жүргізу әдістеріне де уақытылы өзгерістер енгіздік. 2020 жылдың жоспарын компания жұмыскерлерінің жоғары кәсіби шеберлігі, ынталы еңбегі және биік адамгершілік қасиеттерінің арқасында асыра орындап, межелі өндірістік-экономикалық көрсеткіштерге қол жеткіздік.

2020 жылдың ішінде «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «ӨзенМұнайГаз» АҚ, «Қаражанбасмұнай» АҚ, «OSC» ЖШС сияқты мұнайгаз кәсіпорындары нысандарының құрылысы және қайта құрылымдау, жаңғыртуының күрделілігі әртүрлі жобалары жүзеге асырылды. Осы жобалар ішінде Өзен кен орнында компания тарихында алғашқы рет жаңа технология қолданып салынған қойнауқат суын қабылдау және сақтауға арналған сиымдылығы 20 000 $м^3$тік болат сұйыққойма құрылысын ерекше атап өтуге болады.

Қандай жағдай болса да қауіпсіздік техникасы, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау шаралары жоғары деңгейде, жұмыскерлердің біліктілігін арттыру мақсатында оқыту жоспарлы түрде, әлеуметтік қолдау төлемдері толық мөлшерде жүргізіліп келеді.

Қазіргі пандемия жағдайында қиыншылықтарға төтеп беру үшін компанияның әлеуетін ұтымды пайдаланып, болашаққа жоспар құрудамыз. Қаламқас, Жетібай, Өзен, Қаражанбас кен орындарында ұңғымаларды жайластыру, сорғы стансаларын кеңейту, бірнеше нысанда күрделі жөндеу жұмыстарын, сұйыққойма құрылысы мен жаңғырту және тағы басқа жұмыстарын сапалы және діттеген мерзімдерінде жүзеге асыруға күш саламыз.

Биылғы қиыншылықтар артта қалып, Жаңа жылда ел қуаты – қара алтынды игеруде өз міндеттеріне сай жемісті еңбек етіп келе жатқан барлық мүдделес ұжым мүшелеріне мықты денсаулық, мұқалмас күш-жігер, әр шаңыраққа амандық, ортаймас бақ-ырыс тілеймін!

Ізгі тілекпен,

**А.Е. Сапаров,**
**«Oil Construction Company» ЖШС**
**Бас директоры**

# Құрметті "Маңғыстаумұнайгаз" компаниясы ұжымы!



Сіздерді "Хирургия институты" ЖШС Ақтау қаласындағы филиалы ұжымы алда келе жатқан 2021 жаңа жылмен құттықтайды.

Адам баласы жаңа жылдан жақсылықтар күтеді, жаңа жылға көп үміт артады. Біз сіздерге алдағы жылда ең басты байлық – мықты денсаулық тілейміз. Еңбектеріңіз жемісті, бақыттарыңыз үстем, жігерлеріңіз - биік, қанаттарыңыз - кең болсын.

Өткенге риза болып, жаңа Жылға таза ниетпен, нық қадаммен аттайық, жаңа табыстарға бірге жете берейік.

Өтіп бара жатқан 2020 жылды қорытындылай келе, "Хирургия Институты" ЖШС Ақтау қаласы филиалы денсаулық саласы бойынша көптеген міндеттелген қызметтерді өз деңгейінде атқарды. Дәрігерлер мен мейірбикелер білімдерін жаңарту қайтадан жетілдірілді, жоғары санатты медицина мамандығы бойынша сынақтардан толық өтті.

COVID-19 инфекциясы эпидемиясы кезеңінде бірқатар жаңа шаралар Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының талаптары бойынша ұйымдастырылды, "Қаламқас" кенорынында осы қатерлі инфекциясымен тығыз байланыста болған жандар үшін обсервациялық госпиталь, өз емханамызда оны жұқтырғандар үшін провизорлық госпиталь ашылып, мұнда 71 мұнайшы емделіп, сауықтырылды. 15 кереуеттік күндізгі стационар бөлімі сапалы қызмет етті, тиісті дәрі дәрмекпен қамту сапасы жақсарды, клиникалық-диагностикалық лабораториямыз барлық тиісті тексеру спектрі бойынша жүйелі зерттеу өткізді, ультрадыбысты, МРТ, КТ, рентген сәулесі арқылы диагностикалық қызмет көрсетулер жоғары деңгейде жүргізілді. Дәрігер мамандар мен мейірбикелер "Қаламқас" пен "Жетыбай" кенорындарында вахталық әдіспен мұнайшыларға қосымша көмек көрсетуге жұмылдырылды.

COVID-19 екінші толқынына дайындық жұмыстары алда жоспарланулы.

Емханамызда жөндеу жұмыстары жаңартылып медициналық талапқа сай жүргізілді. Көптеген қиыншылықтарға төтеп бере алдық деуге болады.

Алдағы жаңа Жылда медициналық қызмет көрсету миссиясын жоғары деңгейде көрсетуге барынша атсалысамыз, көптеген жаңа жобалар жасақталуда.

Барша қазақстандықтармен бірге «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлеріне алда келетін 2021 жаңа жылда тек жақсылықтарда ғана басымыз тоғыссын деген ниетімізді жолдаймыз.

**Ф. Байниязова,**
**"Хирургия Институты" ЖШС**
**Ақтау қаласындағы филиалының**
**Бас дәрігері**

# Құрметті әріптестер, мұнайшылар!



Сіздердің барлықтарыңызды келе жатқан керемет Жаңа жыл мерекесімен құттықтаймын! «Мұнайтелеком» ЖШС - 1966 жылдан бері киелі Маңғыстаудағы мұнайгаз кенорындарына коммуникация және желі байланысы қызметтерін көрсетумен айналысып, мұнай сервистік қызмет көрсету нарығында 50 жылдан астам уақыт жұмыс істеп, заманауи, қарқынды дамып келе жатқан бейінді кәсіпорындардың бірі.

Біз 2019 жылы төменвольтті жиынтықты құрылғылары бар автоматика шкафтарын дайындау, ұңғымалардың супервайзингі үшін деректерді беру қызметтері сияқты көптеген жобаларды жүзеге асырып келдік.

2019 жылы «Мұнайтелеком» ЖШС:

1) өз қызметкерлері үшін спорт залы мен мамандардың біліктілігін арттыруға арналған оқу орталығын (мамандарды жаңа технологияларға қайта даярлау курстарынан өткізу сыныптарын ашып, АЖТПБ бағыттарын дамыту, сымсыз байланыс қызметтері, ҰҰА және т.б.) бойынша жұмыстарды атқарды.

Қазіргі уақытта 2020 жылы ҰҰА - Ұшқышсыз ұшу аппаратының көмегімен кен орнын мониторингілеу қызметтерін жүзеге асырып келеміз. Осы және басқа да көптеген қызметтерді жүзеге асыру аясында, біз жаңа технологиялар мен бүкіл Қазақстан Республикасы бойынша қызметтер нарығында жүзеге асырдық.

Қазірдің өзінде, 2020 жылы мен басқарған «Мұнайтелеком» ЖШС Ақтау, Жаңаөзен қалаларында жұмыс орындарын ашуда. Осы жылдың өзінде ғана «Мұнайтелеком» ЖШС 21-30 жас аралығындағы 39 жас адам, оның ішінде Жаңаөзен қаласында 14 адамды тұрақты жұмыспен қамтамасыз етті. Компания қол жеткен жетістіктерімен тоқтап қалмайды және жаңа жұмыс орындарын құрумен қатар, өзінің қазақстандық өнеркәсіптік өндірісін дамытуда сенімді көшбасшы болып табылады.

2024 жылға қарай көптеген қызметтердің кезеңдерін іске асыру кезінде біздің компания Қазақстан Республикасының ішкі нарығында өзін танытуы және қызметкерлердің біліктілігін жоғарылатып, жаңа технологияларды енгізу, қызметтер сервисін жақсарту жолымен тартымдылығы арқылы арттыруы тиіс.

Келер жыл Сіздерге тек бақытты сәттер мен жағымды көңіл-күй және сәттілік әкелсін! Біздің бірлескен жұмыстарымыз нәтижелі, тиімді және қолайлы болуын, ал істеріміз қажетті бағытта дамып, бізге және клиенттерімізге мол кірістер әкелуін тілеймін!

Ендігі біздің мақсатымыз - облыстан тыс жерлерге шығып, Қазақстан Республикасының ірі мұнай-газ жобаларына халықаралық деңгейде қызмет көрсету болып табылады.

Барлықтарыңызға игілік пен молшылық, сенімділік және батыл қадам, табандылық пен оптимизм, денсаулық пен күш-қуат тілеймін, әрдайым алға қойған мақсаттарыңыз орындалсын. Жаңа жылда жаңа табыстар мен береке, бақытты отбасы болуыңызды тілеймін. Алдағы жыл көптеген мүмкіндіктер мен идеяларды және ұмытылмас ерекше сәттіліктерді сыйласын, күн сайын кәсіпқойлық және елеулі жетістіктер күні болсын. Үлкен марапаттар мен еңбектер, сенімді ұмтылыстар мен жеңістер, перспективалық идеялар мен істер, батыл шешімдер мен іс-қимылдар, жаңа бастаулар мен шырайлы күндер тілеймін.

Жаңа жыл барлығымызға мейірімді және бақытты жыл болсын!

Игі тілекпен,

**Е.М. Мұқашев**
**«Мұнайтелеком» ЖШС**
**Бас директоры**

# Құрметті ұжымдастар!



«Caspian Food» ЖШС ұжымының атынан баршаңызды келе жатқан Жаңа 2021 жылмен құттықтаймыз!

2018 жылдан бастап «Caspian Food» ЖШС,өңіріміздегі ең ірі мұнай өндіруші компанияларының бірі «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ жұмыскерлерінің және қызмет көрсетуші серіктес компаниялардың жұмысшыларының тұрмысы мен тамақтану сапасының жоғары деңгейде болуын өзінің басты мүддесі ретінде ұстап келді.

Осы мақсатта, бірлесіп жұмыс жасай отырып әлеуметтік маңызы бар көптеген жобаларды жүзеге асырдық.

Атап айтқанда, жаңа технологиялық жабдықтармен қамтамасыз етілген арнайы киімдерді жуу орталығының және залалсыздандыру камерасы құрылысы басталып, толық іске қосылуы көзделіп отыр. Сонымен қатар Қаламқас, Жетібай өндірістік кенорындарындағы жатақханалар мен асханаларға жөндеу жұмыстары жүргізілді.

2021 жылы «Caspian Food» ЖШС тамақтануды ұйымдастыруды жақсарту және жатақханада тұру орнының жағдайларын жақсарту жөніндегі жұмысты жалғастырады. Қаламқас кенорнында 50 орындық жатақхананың жобасы жасақталып, алдымыздағы жылда құрылысын бастау жоспарлануда.

Өткен жылда қол жеткізген жетістіктермен бірге келер жылдағы жобалар жүзеге асатындығына сеніміміз арта түседі.

Жаңа 2021 жыл ел игілігіне атқарар қызметтеріңізге сәттілік серік болсын! Алға қойылған мақсаттарыңызға жете беріңіздер! Жаңа жыл әрбір шаңыраққа құт, береке, ырыс алып келсін!

Құрметпен,

**«Caspian Food» ЖШС ұжымы**

*Қайырымдылық*

# ЖҰМЫЛА КӨТЕРГЕН ЖҮК ЖЕҢІЛ

2020 жылғы желтоқсан айының басында «Мұнайлы өлке» қайырымдылық қорының және «Үлес» орталығы мамандарының бастамасымен Маңғыстау облысы мұнай-газ саласы мекемелерінің арасында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күні мерекесіне орай қайырымдылық акциясын өткізу туралы хабарлама таратылған болатын. Шараның мақсаты – мұқтаж отбасылар тізімінде тұрған көп балалы жалғыз басты аналар мен пандемия салдарынан негізгі табыс көзінен айрылған жанұялар балаларына қысқы ким-кешек алып көмектесу болатын.



Акция жөніндегі видео үндеу жас мамандар мен әлеуметтік желі қолданушыларының арасында лезде тарап, бас аяғы он күннің ішінде 350 000 теңге көлеміндегі қаражат жиналды. Соның ішінде «ҚазТрансОйл» АҚ Маңғыстау мұнай құбыры басқармасы, «ТұлпарМұнайСервис» ЖШС, «Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС, «Ойл Транспорт Корпорейшэн» ЖШС мекемелерінің жастары ерекше белсенділік танытып, шараның өтуіне өлшеусіз үлес қосты. Сондай-ақ, қомақты үлес қосып, есімдерінің белгісіз қалғанын қалаған желі қолданушылары да болды. Баршаңызға Алла разы болсын!

Көпшіліктен келіп түскен бұл қаражатқа «Мұнайлы өлке» қайырымдылық қоры атынан 2020 жылғы қазан айы есебінен жиналған 250 000 теңге қосылып, шараның жалпы қоры 600 000 теңгені құрады. Жиналған қаражат 50 000 теңгеден бөлініп, 12 отбасыға ким-кешек алуға табыстадлы. Алайда, жиналған қаражаттың мақсатты жұмсалуын қамтамасыз ету үшін Мұнайлы ауданы Басқұдық ауылында орналасқан «SAFIYA» балалар киімі дүкенінің иелерімен алдын ала келісім жасалып, тізімге енген отбасылардың қолына ақша емес, аталған дүкенде кім алуға мүмкіндік беретін сертификаттар табысталды. Ал қайырымдылыққа жиналған қаржы тікелей дүкен кассасына төленді. Бұған қоса, дүкен иелері Бақытжан және Нұржан есімді ағайынды азаматтар әр отбасына қосымша 10 пайыздық жеңілдік сыйлап, елу мың емес елу бес мың теңгеге тауар алуға мүмкіндік берді.

Еліміздің Тәуелсіздігі күні мерекесіне орай ұйымдастырылған қайырымдылық шарасы осылай қорытындыланды. 12 отбасы аз да болса жан жылулығын сезініп, ертеңгі күнге деген сенімі арта түсті. Осы отбасыларда өсіп жатқан 54 бала биылғы қыстан тоңбай, жаурамай шығатын болды.

Қадірлі замандастар, құрметті мұнайшы әріптестер! Баршаңызды осы бір Қордың төңірегіне жиналып, қайырлы амалдардың ұйытқысы болуға шақырамыз. Қордың бір айлық қайырымдылық жарнасы 1000 (бір мың) теңгені ғана құрайды. Тиісті өтінішті толтырып, жарнаны аударуға рұқсат берсеңіз, жалақыңыздан автоматты түрде ұсталып, Қор есеп-шотына аударылып отыратын болады. Көп түкірсе көл болады демекші, біріге жүріп біраз шаруа тындыруға болатынын көріп отырсыздар. Ендеше, Қорға салымшы болыңыздар! Байланыс нөміріміз 8 707 703 4444.

**Ғ.Ғ.Әбдісадық**
**«Мұнайлы өлке» ҚҚ директоры**

*Спорт*

# ВЕТЕРАНЫ ПОКАЗАЛИ КЛАСС!

**Победителем первого чемпионата Мангистауской области по мини-футболу 6х6 среди ветеранов (старше 40 лет) стала команда АО «Мангистаумунайгаз».**

В соревнованиях приняли участие 10 команд, а сам турнир проводился по классической круговой системе. Перед заключительным днем соревнований две команды «Мангистаумунайгаз» и «Озенмунайгаз» набрали одинаковое коли-чество очков – 19 (6 побед, 1 ничья, 1 поражение). Таким образом, победитель всего чемпионата определялся в последнем туре.

Первыми на поле вышли ветераны «Озенмунайгаза», которые разгромили соперников со счетом 7:2. Теперь команде «Мангистаумунайгаза» нужна была только победа, и они ее добились, сокрушив своих оппонентов с еще более убедительным счетом – 7:0, хет-трик в этом матче оформил заместитель директора Производственного департамента Айдос Туйебаев.

Две команды набрали одинаковое количество очков, но за счет преимущества в личной встрече (победа 1:0) чемпионом соревнований стала сборная АО «Мангистаумунайгаз», а вратарь Самат Ысмагулов (оператор ЦППН ПУ «Жетыбаймунайгаз») был признан лучшим вратарем турнира.




# ЧЕМПИОН ЗАЩИТИЛ ТИТУЛ

**12 декабря в Актау состоялся турнир по волейболу среди ветеранов «КУБОК КАЗМУНАЙГАЗПРОФ», посвященный Дню Независимости РК, а также 115-летию профсоюзного движения Казахстана.**



В соревнованиях принимали участие команды АО «Мангистаумунайгаз», АО «Каражанбасмунай», АО МНУ «КазТрансОйл», ТОО «Мунайтелеком» и ТОО «УТТиОС».

Турнир проходил по круговой системе, в итоге победителем стала команда АО «Мангистаумунайгаз», одержавшая победы во всех четырех играх, второе место завоевала сборная АО МНУ «КазТрансОйл», третьими стали нефтяники АО «Каражанбасмунай».

Председатель ОО «КАЗМУНАЙГАЗПРОФ» Султан Калиев вручил капитану команды-победителя Мади Кентанову Кубок чемпионов и поздравил с убедительной победой.

Лучшим пасующим соревнований был признан ведущий инструктор по спорту ДАСВ АО «Мангистаумунайгаз» Нурлыбай Элеубаев, награды «Лучший тренер» был удостоен механик 2-ой категории ОГМ ПУ «Жетыбаймунайгаз» Асан Чиракбаев.

Стоит отметить, что данный турнир проводился во второй раз, в прошлом году победу также праздновала команда АО «Мангистаумунайгаз».




Мұнайлы Өлке
Меншік иесі: “Маңғыстаумұнайгаз” АҚ
Редактор: Есназар Сұлтанов
Редакция алқасы: Л.Жолдыбаева, Ғ.Әбдісадық, А.Ақшаева
Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз: 130000, Ақтау қаласы 6 ш.а., № 1 үй, тел: 212-035, 215-266 212-194, 211-885

Газет айына 1 рет шығады. Тегін таратылады

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке қойылып, № 9675 - Г куәлігі берілген

- Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
- Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды
- Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде терілііп, беттелді.
Индексі: 64265

“ATIS” ЖШС баспаханасында басылды. Ақтау қаласы, 17 ш/а. тел: 525500